



Ақмешіт

26 сәуір
сенбі

№30 (2143)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЖҰРТЫМЫЗ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН МАРАПАТ — ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі

Қадірлі отандастар!
Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршанызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғаны білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды. Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды. Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат,



яғни диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім»

мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде. Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірінші тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мыңдаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

Этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуда маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномедия институтына тоқталғым келеді. Соңғы уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр. ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақмерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Откен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Өлемде, әсіресе, біздің айна-ламаыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

2-БЕТТЕ

Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдық мерейтойына орай, КСРО Халық әртісі Сәбира Майқанованың құрметіне «Сырдың Сәбирасы – І» халықаралық театрлар фестивалінің салтанатты ашылуы өтті. Оған Қазақстанның Еңбек Ері, Халық әртісі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның Халық әртісі, Театр қайраткерлері одағының төрағасы, режиссер, педагог Тұңғышбай Жамаңқұлов арнайы келіп қатысты.

ҚЫЗЫЛОРДАҒА ӘЛЕМ ТЕАТРЛАРЫ ҚОНАҚҚА КЕЛДІ



Сахна – жүрек пен жанды тербетіп киелі өнер мекені. Осы тылсым өнердің мерекесі халықаралық театр фестивалінің ашылу салтанаты қала орталығында өтті. Кешкі самал мен отшашулар мерекенің сәнін келтірді. Фестиваль аясында әр өңірден және шет мемлекеттен келген театр ұжымдары өнерін паш етті. Фестивальдің ашылуына қатысқан аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев театр тарихына тоқталды.

– Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтуде. Театр 1955 жылы Талдықорған қаласында Еңбекші қазақ, Ақсу, Қаратап колхоз-совхоз театрларының негізінде құрылған болатын. Бүгінде ол терең дәстүр мен заманауи талаптарды үйлестіре білген, ұлттық өнерді ұлықтаған іргелі ұжым. Сыр өнерінің қарашанырағы – Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ драма театры 1960 жылы Қызылорда қаласына көшірілді. Театрға 1997 жылы музыкалық, 2019 жылы академиялық мәртебе берілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерейтой Сәбира Майқанованың шығармашылық мұрасын ұлықтауға арналды. Қазақ сахна өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, КСРО халық артисі Сәбира Майқанова сынды ұлы актрисаның есімін жас буынға үлгі етіп, өнер жолын насихаттау театр өнерінің дамуы серпін береді. Сонымен бірге халықаралық шығармашылық байланысты нығайту да бүгінгіте мақтанш, ертеңге аманат. Сонымен бірге фестиваль қонағы Сәбира Майқанованың қызы Гүлдәр Әбділқызына құрмет көрсетілді.

Айта кетейік, театр фестиваліне Грузия, Румыния, Қырғызстан мемлекеттерінен келген театр ұжымдары қатысады. Сондай-ақ Жезқазған, Семей, Ақтөбе, Атырау, Талдықорған, Қостанай және Алматы облысы театрларының өнерпаздары да бұл шарадан құр калмақ емес.

Фестивальде Островский, Шекспир, Маркес, Лайтмотов сияқты классиктер шығармаларымен қатар, бүгінгі қазақ драматургиясының өкілдерінің туындылары сахналанады. Драма, трагедия, комедия, перформанс және эксперименталды қойылымдар арқылы театрсүйер қауым түрлі эмоциялық палитраны бастан кешіреді. Әр қойылым өзіне көркем, өзіне ойлы.

Қазақ өнерінің алтын қорына енген, Сыр мәдениетінің қара шаңырағы саналатын театр өз көрермендерін қуантар қойылым 30 сәуірге дейін жалғасады.

«Ақмешіт-ақпарат»



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК АДАМЫ

Жаздың аптап ыстығында қайнап тұрған асфальттың үстінде жұмыс істеу оңай нәрсе емес. Мұндай еңбекте шындалып, тер төгу үшін бойында шыдам мен төзім болмаса қиын. Бүгінде жұмысқа тұрамын деп, білек сыбана келген талайлар екі күндік еңбекке шыдамай, сағы сынып жатады. «УАД» ЖШС шебері Нұрлыбек Сыздықов саладағы он жылға жуық тәжірибесінде мұндай қызметтің сан түрінен өткенін айтады.

БЕЙНЕТТІҢ АРТЫНДА МОЛ НЕСІБЕ БАР

– Еңбек жолым осы Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылында басталған. Бүгінде сол жолға қайта айналып келіп тұрмын. Бұл аралықта Самара – Шымкент, Жаңақорған, Иіркөл, Амангелді, Айдарлы, Бейбарыс сұлтан тәртізді үлкен нысандарда жұмыс істедік. Халықтың батасын аркалап жүретін жұмыс қой. Өзім осы саладан өз орнымды таптым. Қиындығы жеткілікті, әрбір бейнеттің артында мол несібе, адал нәпақа тұр, – дейді ол.

Асфальт зауыттан 180 градус ыстықта қайнап шығады. Оны жолға төсеймін дегенде де 120 градустан кем болмауы керек. Әрбірінің өз заңдылығы бар. Жол құрылысының басында арнаулы зертхана қызметкерлері барлығын қадағалап жүреді. Нұрлыбек осы мекемеде қарапайым жол жұмысшысынан бастап шеберге дейінгі аралықты жүріп өткен.

– Кейде бір айда 5 күн ғана демаласың. Көп жас соған шыдамайды. Әлсіз, тез сынады. Сағын сынбай, жалқаулықты ысырып тастап еңбектенсең, абыройлы сала. Бұрыннан келе жатқан азаматтар бар. Олардың барлығы айтпай-ақ әрбірі өз міндетін бұлжытпай орындап, ісін тап-тұйнақтай қылады. Мамандықтың қартайып бара жатқаны жасырын емес, – дейді құрылыс шебері.

Алыс ауыл-аймақтардан, шалғай елді мекендерден жұмысқа барып, даладағы жағдайға шыдамсызданып жүргендер көп екені жасырын емес. Бірақ еңбектің наны тәтті деп жүрген Нұрлыбек сияқты азаматтар саланың жауапкершілік жүгін аркалап жүр.

Аян СПАНДИЯР,

Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

«Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылының төрт жолақты болуы – ел мұқтаждығы жолындағы игі істердің бірі. Қала ішіндегі кептелісті болдырмау мақсатында салынған жолдың өзі кептеліске айналған еді. Ел көкейінде «Осы жол кеңейтілсе» деген бір арман болатын. Осы арман мақсатқа айналып, даңғылды қайта жаңғырту қолға алынған. Бүгінде мұндағы жұмыс 90 пайызға бітіп тұр.

КӨПТЕН КҮТКЕН ДАҢҒЫЛ ЖОЛ

Откен жылдан бері басталған жұмыс барысында алдымен Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылды. Құрылысты қолға алған «УАД» ЖШС мамандары мұнда уақытпен санаспай жұмыс істеді. Осы күні мердігер мекеме асфальт төсеуді аяқтады.

– Бұрын бұл жолдың ені 9 метр болатын. Қазір бұл көлем 15 метрге жетті. Дарияның ішкі бетін нығайттық. Ұзындығы 1,5 шақырымға жететін жаяу жүргіншілер жолы да жасалып болды. Осы жолдың бойынан 8 ойын алаңын салдық. Қазіргі таңда жарық бағаналары мен бағаршам орнатылуда. Тағы бір айта кетерлігі, осы даңғылға түсетін Есенов көшесі Демесінов көшесіне дейінгі аралықта да төрт жолақты болып кеңейтілуде. Енді осы жолдың үстіне төселетін 5 сантиметрлік асфальт жабындысы ғана қалып тұр, – дейді учаске басшысы Самат Қарымсаков.

Даңғыл жол мамыр айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Айта кетейік,



өткен жылы облыста жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден 44 млрд 703 млн теңге бөлініп, 300 шақырыман астам автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөнделді. Биыл да бұл бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, республикалық және облыстық бюджеттерден 35 млрд

теңге бөлінген. Осы қаржыға 329 шақырым автомобиль жолдарына, көшелер және көпір өткелдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтаса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

Мұндай сөзді есіткенде жайқақтап, шалғырттанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?

Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

Тарихтың тартып тамырын...

Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай Қызылорда қаласының тарихы музейінде «Өшпесін тарих шырағы» атты дөңгелек үстел өтті. Сырдағы ғалымдар мен ұлт зиялыларының басын қосқан жиынға қала әкімінің орынбасары Бақытжан Омаров қатысты.

– Қызылорда – басына құт қонған мекен. Қазақ зиялыларының табаны тиген, ізі қалған, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өлке. Дәл осы қалада қазақ этнонимі қайта жанданды. Ұлт мерейі артып, ұлттық құндылықтар ұлықталды. Ел тарихындағы жасампаз жылаңмасы бастау алды. Қызылорда атауын ұсынған Сұлтанбек Қожанов болса, оны ойлап тапқан жерлесіміз Қоңырқожа Қожықов еді. Қазақтың астанасы болған Қызылорда қазақ халқын біріктіру жолындағы маңызды рөл атқарумен шектелмей, тарихымыздың жарқын беттерінің бірі болып қала бермек. Биылғы тарихи сәт – әрбір сырбойылықтың зор құрметі мен мақтанышы. Жыл көлемінде бұл бағытта көптеген іс-шара өтеді. Айтқс, конференциялармен қатар, «Қызылорда – Алаштың жүрегінде» атты кітап жарыққа шығады, – деді қала әкімінің орынбасары.

Мемлекет басшысы «Ана тілі» басылымына берген сұхбатында Әлия мен Мәншүк және Хиуаз Доспанованың өшпес ерлігін санада жаңғыртып, ұлы женістің мән мағынасын түсіну керегін айтқан еді. Шығыстың қос шынарының ерлігін дәріптеу еш толастамайтыны белгілі. Осыған орай Мәншүк Мәметова атындағы жоғары колледжінде жастарға арналған патриоттық форум өтті. Республикалық көлемде ұйымдастырылған шара «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға» деген ұранмен басталды.

БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ

1932 жылы іргесі қаланып 1952 жылы Мәншүк Мәметованың есімін иеленген жоғары колледж 12 мамандық бойынша тәлім береді. 73 жыл батыр қыздың атындағы колледж сындарлы сәттерден сүрінбей өтіп, жеңістің 80 жылдығын тойлады. Оқу орнының сапасы материалдық техникалық базасы мен оқытушылардың біліктілігіне байланысты ешшеленді. Сыртқы келбеті әсем архитектуралық үлгіде жаңғыртылған оқу ғимаратында замануи техникалармен жабдықталған дәрісхана мен зертхана бар. Кітапхана, әскери спорт кешені, би залдары студенттерге қызмет етуде.

Республикалық жастар форумы аға буынның жанқиярлық ерлігін бағалап, тарихты құрметтеуге үндеді. Мәншүктің батырлық болмысы, гиратты ғұмыры арқылы студент жастарды ерлікке тағзым жасауды мақсат еткен шара жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейді. Форум аясында 2011 жылдан бері дәстүрге айналған «Мәншүк маршы» көпшіліктің жігерін қайрады. Тек қана қыздардан құралған маршқа 500-ден аса студент қыздар қатысты. Арнайы шара Достық үйінде жалғасын тауып, қатысушылар зерттеу жұмыстары мен жобаларын ұсынды. Форумда сөз алған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов тағлымды жиынның ашылуымен құттықтап аймақ басшысының республиканың әр өңірінен келген қонақтарға ризашылығын жеткізді.

– Орта Азия халықтары ішінен жарып шыққан Әлия мен Мәншүктің өшпес ерлігі тарихта алтын әріптермен жазылды. Батыр қыздың ерлігі ұрпаққа өнеге. Қаладағы Мәншүк Мәметова атындағы жоғары колледжі білікті педагогтар дайындайтын облыстағы танымал білім шаңырағына айналды. Жеңіс күні қарсаңында өткен батыр қыздың дәріптеу шарасы жастарды отаншылдыққа тәрбиелейді деген сенімдемін. Майдангер рухына арнап 500-дан аса қыздар сап түзеді, – деді ол.

Жастардың отансүйгіштігі тек майдан даласында емес бейбіт күнде елге адалдығымен көрінеді. Оқу ағарту министрінің кеңесшісі Қадірбек Бөрібеков Отан үшін жан қиған батырлардың ерлігін дәріптеген жастарға ризашылығын жеткізді. Мұндай келелі істерді көріп өскен бүгінгі жас ертен білім ордасындағы оқушыға



тәрбие ретінде көрсететін айтты. Әр оқу орнын жастар тәрбиесіне оң әсер ететін шараларды қолға алу керек екенін тапсырды.

Достық үйінде өткен пленарлық мәжіліске қатысушылар бабалар ерлігін дәріптеуге байланысты баяндамалар оқыды. Сонымен қатар Ақтөбе облысынан келген Әлия тәрбие беру орталығының басшысы Бағдаш Тупенова Әлия Молдағұлова есімін иеленген №173 мектепке арнайы жылжымалы көрме ала келгенін айтты.

– Есімі қатар аталатын қос шынар Әлия мен Мәншүк қазақ еліне ортақ батырлар. Осы бабалардың есімін насихаттауға көше де, мектеп, аудан, ауыл аттары берілуде. Колледждің материалдық-техникалық базасымен танысқан біз оқу орнының өркендеп жатқанын байқадық. Бұл білім ордасы батыр Мәншүктің атына кір келтірмейтініне көзіміз жетті, – деді ол.

Өткенге құрмет болашаққа сенім арқылы жеңіс күнінің маңызы мен рухын сақтап қала аламыз. Форумға 2000-ға жуық адам қатысып, әр өңірден педагогикалық маман даярлайтын 11 колледжінен 80-ге жуық мұғалім келді. Ал аймақтағы 27 колледжден 100-ге жуық адам қатысты. Шараға қатысушылар «Анаға тағзым» орталығына экскурсия жасады.

Республиканың әр өңірінен келген қонақтар Мәншүк Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжі дайындаған «Батыр Мәншүк» атты қойылымды тамашалады. «Medet production» ұсын-

ған көпформатты перформансқа 140-тан астам колледж студенттері мен оқытушылары атсалысқан. «Мәңгілікке маздаған қыршын ғұмыр» мен «Звездный час Маншук» кітаптарының желісімен дайындалған қойылымды көруге 700-ге жуық көрермен қатысып, Нартай Бекежанов атындағы драма театрылық тольды. 21 моншакты қайта тізген қойылымда соғыс зұлматынан үзіліп түскен ерлік пен өнегеге толы 21 жылдың нәзік те әсем жылдары көрсетілді. Ұлы ерлік иесінің қыршын ғұмыры армандар мен үмітке толы жылдар баяндалды. Шын аты Мәнсия болғанымен бала кезінде оны Моншак деп атап, алайда ресми емес Мәншүк аты кең таралды. Осы есіммен тарихта, әдебиетте, құжаттарда қалды.

Бірде Аянат атты кішкентай қыз саябақта анасымен келе жатып Мәншүк Мәметова ескерткішінің алдына аялдайды. Ескерткіш айналасында моншакта тізбектелген 21 көше шамдары өзінің сырлы тарихын баяндауға әзір тұрған еді. Анасы айтқан әңгіме әсеріне бөленген Аянат ескерткішке жалғыз оралады. Моншактардың бірі кішкентай Аянатты 1942 жылға алып кетіп, Мәншүкті өз көзімен көреді.

Бейбітшілік пен еркіндік – біздің басты құндылығымыз. Батырлардың қаһарман ерлігі санамызда жарқырап, рухани темірқазыққа айналды. Мәншүк атты жұлдыз есімі ешқашан сөнбей, ғасырлар бойы ерлік пен қайсарлықтың символы боп жадымызда сақталады.

Думан КЕҢШІЛІК

аумағы болатын. Біз күшті болып кетер едік. Олар осыған кедергі келтіріп, «бөліп ал да, билей бер» деген саясатын жүзеге асырды. Біз сол Түркі Республикасы болуға ұмтылған төрт мемлекеттің бір-бірімен байланысын арттыруымыз керек, әліпбиді де бір-біріне жақындатуымыз керек. Бізді Кеңес Одағы бөлді, қолдан ажыратты, – деді профессор.

Дөңгелек үстелде философия докторы Дәулет Омаров, облыстық мемлекеттік архив қызметкері Айгүл Әлиасқарова, Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының аға ғылыми қызметкері Азамат Ескалмиев баяндама жасап, қазақ мемлекетінің іргетасы қаланған Сырдың бас шаһары жөніндегі тың деректерін ұсынды.

– Сұлтанбек Қожанов 1924 жылдың желтоқсанында «Ақ жол» газетіне шыққан мақаласында «Орынбор – орыстар тұратын жер. Қазақтар тек шет аймақтарында ғана бар. Астана болар қала қазақтың ту тіккен жерінен болуы керек» деп жазады. Міне, осылайша Қызылорданы тұтас республиканың орталығы болуына алғашқы қадамдар жасалды, – деді Дәулет Омаров.

Қазақтың қазақтығы мен азаттығын, азат үнін қалыптастыруда, мемлекеттіктің шекарасы шегенделіп, ұлт руханиятының биікке өрлеуіне алғашқы қадам болған Қызылорданың елге астана, Алашқа бас қала болғанының ғасыр тойы әлі де жалғаса бермек.

Дәулет ҚЫРДАН

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ ЕТКЕН КҮН

Биыл Жеңіс жалауының желбірегеніне – 80 жыл. Жеңіс күні жақындаған сайын білім ордalarında ерлік пен елдікті насихаттаған тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өтуде. Қаладағы Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектепте өткен мазмұнды іс-шара да жеңіс күніне арналды. Айта кетейік, биыл Әлия Молдағұлованың туғанына – 100 жыл. Осыған орай білім ордасындағы «Жеңіс: Ерлік пен елдіктің тарихы» тақырыбындағы тарихи-танымдық экспедициялық кездесу өтті. Кездесуге ҚР ҰҚК шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы, подполковник Мақсат Ибраһимұлы, «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстағы төрағасы, шекарашы ардагер Асан Худояров, Ақтөбе облысындағы Әлия патриоттық тәрбие беру орталығының директоры Бағдаш Тупенова, «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Марат Аралбаев қатысты.



Ең алдымен іс-шараға қатысушылар батыр Әлияның бюстіне гүл шоқтарын қойып, үнсіздікпен еске алды. Айта кетелік, қазақтың батыр қызы атындағы білім ордасының алдына 1992 жылы Әлия Молдағұлованың бюсті қойылған. Мазмұнды басқосуға арнайы келген қонақтар қазақтың қайсар қызы Әлияның аңызға айналған ерлігін айта келіп, бейбіт күннің баға жетпес құндылық екенін жас ұрпаққа әсерлі жеткізе білді. Алыс Ақтөбеден ат терлетіп келген Әлия Молдағұлова атындағы патриоттық тәрбие беру орталығының директоры Бағдаш Тупенова оқушыларға Әлияның өмірі туралы айту үшін жылжымалы көрме ала келіпті. Білім ордасындағы Әлия Молдағұлованың құрметіне ашылған «Ерлік» шағын музейінде көрмеде батыр Әлияның туған жері, оқуыған мектебі, отбасы, соғыс жылдарындағы ерлігі, жазған хаттары, тағы басқа дерекпен қамтылған. Жас буынға Әлиядай батыр, қайсар, өр рухты қазақ қызының ерлігі мен еңбегін насихаттай келген ақтөбелік қонақтардың әкелген мазмұнды ақпараттың мектеп өрендері қызыға тыңдады.

– Биыл Әлия Молдағұлованың туғанына – 100 жыл. Небәрі 19 жасында майдан даласында қаза тапқан Әлиядай қазақтың қайсар қызының ерлігі, еңбекқорлығы, адалдығын жас буынға үлгі ету мақсатында құрылған орталық жұмысының негізгі міндеті де сол. Жеңістің 80 жылдығына орай Сыр өңіріндегі Әлия атымен аталатын мектепке арнайы келдік. Жылжымалы көрмені жеткіншектер таныстырып жатырмыз. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, – дейді Ақтөбе қаласынан арнайы келген орталық директоры Бағдаш Тупенова.



Мазмұнды іс-шарада мектеп оқушылары ашық аспан астында бейбіт күннің әнін шырықп, би биледі. Өздері білім алатын білім ордасына есімі берілген батыр Әлия Молдағұлова туралы тың деректермен танысты.

– Биыл Жеңістің 80 жылдығына орай мектебімізде жыл бойы тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өтуде. Жас буынға ерлікті, елдікті, Отанды сүйуді, бейбіт күннің қадірін ұғынуды мақсат еткен мұндай іс-шаралардың орны бөлек. Бүгін Ақтөбе қаласынан, Әлия Молдағұлованың туған жерінен арнайы келген қонақтар жылжымалы көрме ұйымдастыруда. Жеткіншектер бүгінгі күннен тағылымды ой түйеді деп ойлаймын. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, – дейді №173 Әлия Молдағұлова атындағы мектеп директоры Жеңісбек Құлғазиев.

«Біз бақытты баламыз» деп бейбіт күнде, ашық аспан астында ән шырыққан балалар шынында, бақытты. Бейбіт күнге жеткізген ерлікке мың тағзым!

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №680

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН